



**«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілік  
(аудит жүргізілмеген)**

**30 маусым 2018 жыл**

## Мазмұны

### ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ

#### ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы қысқартылған жеке аралық есеп.....	1
Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы қысқартылған жеке аралық есеп.....	2
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған жеке аралық есеп.....	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған жеке аралық есеп.....	4

#### ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР:

1 Компания және оның операциялық қызметі.....	5
2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың маңызды ережелері.....	5
3 Есеп саясатындағы өзгерістер.....	6
4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер.....	12
5 Байланысты тараптармен есеп айырысу және жүргізілген операциялар.....	16
6 Материалдық емес активтер.....	18
7 Еншілес компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға салған инвестициялар.....	19
8 Сатуға арналған активтер.....	19
9 Берілген қарыздар.....	20
10 Басқа ұзақ мерзімді активтер.....	21
11 Басқа қысқа мерзімді активтер.....	21
12 Ақша қаражаты және олардың баламалары.....	22
13 Акционерлік капитал.....	22
14 Қарыздар.....	23
15 Қаржылық кепілдіктер.....	24
16 Өзге де кредиторлық берешектер және есептелген міндеттемелер.....	24
17 Акционер алдындағы міндеттемелер.....	24
18 Дивидендтер бойынша табыстар.....	25
19 Жалпы және әкімшілік шығыстар.....	25
20 Өзге операциялық шығындар.....	26
21 Өзге операциялық табыстар.....	26
22 Қаржылық табыстар.....	27
23 Қаржылық шығыстар.....	27
24 Табыс салығы.....	27
25 Шартты және келісім-шартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер.....	27
26 Қаржы құралдарының әділ құны.....	28
27 Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар.....	29



## **Қысқартылған аралық жеке қаржылық есептілікті шолу тексеру бойынша есеп**

«САМРҰҚ-ЭНЕРГО» АҚ Акционерлеріне және Директорлар Кеңесіне

### **Кіріспе**

Біз «САМРҰҚ-ЭНЕРГО» (бұдан өрі – «Компания») АҚ 2018 жылғы 30 маусымдағы қаржылық жағдайы туралы қысқартылған аралық жеке есептемеге, жәнеде жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталған үш және алты ай аралығына тиісті қысқартылған аралық жеке пайда немесе шығын және жиынтық табыс туралы есепке, жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталған алты ай аралығына тиісті капиталдағы өзгерістер туралы есепке және ақша қаражаттарының қозғалысы жөнінде есепке, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуы және басқа да түсіндірме ақпараты бар ескертпеден тұратын ілеспе қысқартылған аралық жеке есептілігіне шолу тексеру жүргіздік. Басшылық осы қысқартылған аралық жеке есептілікті «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына (IAS) сәйкес дайындалуына және дұрыс ұсынылуына жауапты. Біздің жауапкершілігіміз біздің жүргізген шолу тексеру негізінде осы қысқартылған аралық жеке есептілік туралы пікірімізді білдіруден тұрады.

### **Шолу тексеруінің көлемі**

Біз шолу тексеруді 2410 «Компанияның тәуелсіз аудитор жүргізетін аралық қаржылық ақпаратының шолу тексеруі» Халықаралық шолу тексерулер стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратының шолу тексеруі лауазымды адамдардан сауалнама алу негізінде шектелген, соның ішінде, қаржылық және бухгалтерлік сұрақтарына жауапты адамдардан жауап алуымен, жәнеде сараптамалық және басқа да рәсімдерді қолданумен шектеледі. Шолу тексеруінің көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиторлық тексеруден елеулі аз, сондықтан шолу тексеру бізге аудит кезінде айқындалатын барлық маңызды аспектілер белгілі болғанына сенімділік алуға жағдай туғызбайды. Сондықтан, біз аудиторлық пікір білдірмейміз.

### **Қорытынды**

Біздің жүргізген шолу тексеру нәтижесінде, осы қысқартылған аралық жеке қаржылық есептіліктің, барлық елеулі аспектітерінде, «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына (IAS) сәйкес дұрыс ұсынылмағанын көрсететін ештеңе біздің назарымызды аудартады.

*PricewaterhouseCoopers LLP*

2018 жылғы 3 тамыз  
Алматы, Қазақстан

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Қаржылық жағдай туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (жалғасы)**

Қазақстандық мың теңгемен	Ескерту	30 маусым 2018 ж. (аудит жүргізілмеген)	31 желтоқсан 2017 ж.
<b>КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал	15	373,314,888	373,314,888
Өзге де капитал резерві	15	127,501,089	127,546,130
Жиналған шығындар		(16,028,388)	(22,057,982)
<b>Топ акционерлеріне тиесілі капитал</b>		<b>484,787,589</b>	<b>478,803,036</b>
Бақыламайтын акционерлер үлесі		821,674	707,640
<b>БАРЛЫҚ КАПИТАЛ</b>		<b>485,609,263</b>	<b>479,510,676</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Күл үйінділерін қалпына келтіру резерві		2,361,734	2,279,270
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		1,436,438	1,314,015
Қарыздар	16	282,162,799	312,574,158
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер		4,715,463	4,443,216
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер		82,234,150	82,058,114
<b>Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>		<b>372,910,584</b>	<b>402,668,773</b>
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Күл үйінділерін қалпына келтіру резерві		303,533	125,000
Қарыздар	16	39,065,894	45,912,886
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		128,570	120,361
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек	17	30,184,278	24,897,537
Бюджетке төленетін салықтар және өзге де төлемдер бойынша берешек		2,143,344	2,600,743
Төленетін табыс салығы		3,335,662	369,334
Сатуға арналған ретінде жіктелген істен шығатын топтар міндеттемелері	14	77,899	72,906
<b>Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер</b>		<b>75,239,180</b>	<b>74,098,767</b>
<b>БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		<b>448,149,764</b>	<b>476,767,540</b>
<b>БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ</b>		<b>933,759,027</b>	<b>956,278,216</b>

Басшылық атынан 2018 жылғы 3 тамызда қол қойылған.

Өлиев Ерлан Жеңісұлы  
 Экономика және қаржы жөніндегі  
 басқарушы директордың м.а.



Төлекова Сәуле Бекзадақызы  
 «Бухгалтерлік және Салық Есебі»  
 департаментінің директоры – Бас бухгалтер

7-беттен 42-бетке дейін қоса берілген ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Пайда немесе шығыс және басқа жиынтық табыс туралы қысқартылған жеке аралық есеп**

		2018 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)	2017 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)	2018 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)	2017 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>					
	<b>Ескерту</b>				
Дивидендтер бойынша табыс	18	13,846,023	15,728,210	13,705,304	14,219,876
Басқа табыстар	21	2,351,997	122,361	2,246,244	119,876
Басқа шығыстар	20	(2,561,210)	(52,751)	(292,734)	(52,751)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	19	(3,006,546)	(3,474,365)	(1,458,057)	(2,105,386)
<b>Негізгі қызмет бойынша пайда</b>		<b>10,630,264</b>	<b>12,323,455</b>	<b>14,200,757</b>	<b>12,181,615</b>
Қаржылық табыстар	22	1,665,791	2,989,549	766,264	1,258,529
Қаржылық шығыстар	23	(11,377,533)	(7,692,994)	(5,375,836)	(2,576,119)
Бағам айырмашылығынан түскен (шығын)/пайда, таза		(376,679)	4,511,992	1,197	(3,426,361)
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>		<b>541,843</b>	<b>12,132,002</b>	<b>9,592,382</b>	<b>7,437,664</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	24	(30,820)	(80,142)	(8,870)	(43,729)
<b>Кезең ішіндегі кіріс</b>		<b>511,023</b>	<b>12,051,860</b>	<b>9,583,512</b>	<b>7,393,935</b>
<b>Кезең ішіндегі барлық жиынтық кіріс</b>		<b>511,023</b>	<b>12,051,860</b>	<b>9,583,512</b>	<b>7,393,935</b>

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған жеке аралық есеп**

Қазақстандық мың теңгемен	Ескерту	Акционерлік капитал	Өзге де резервтік капитал	(Жабылмаған шығын)/ Бөлінбеген пайда	Барлық капитал
<b>2017 ж. 1 қаңтардағы қалдық</b>		<b>373,314,888</b>	<b>91,668,501</b>	<b>(49,725,062)</b>	<b>415,258,327</b>
Кезеңдегі пайда (аудит жүргізілмеген)		-	-	12,051,860	<b>12,051,860</b>
Кезеңдегі барлық жиынтық кіріс (аудит жүргізілмеген)		-	-	12,051,860	<b>12,051,860</b>
Есептелген дивидендтер		-	-	(4,704,895)	<b>(4,704,895)</b>
<b>2017 ж. 30 маусымдағы қалдық (аудит жүргізілмеген)</b>		<b>373,314,888</b>	<b>91,668,501</b>	<b>(42,378,097)</b>	<b>422,605,292</b>
<b>2018 ж. 1 қаңтардағы қалдық</b>		<b>373,314,888</b>	<b>91,668,501</b>	<b>(78,576,191)</b>	<b>386,407,198</b>
ҚЕХС 9 жаңа стандартқа көшу әсері	3	-	-	(521,266)	(521,266)
<b>2018ж. 1 қаңтардағы қайта есептелген қалдық</b>		<b>373,314,888</b>	<b>91,668,501</b>	<b>(79,097,457)</b>	<b>385,885,932</b>
Кезеңдегі пайда (аудит жүргізілмеген)		-	-	511,023	<b>511,023</b>
Кезеңдегі барлық жиынтық кіріс (аудит жүргізілмеген)		-	-	511,023	511,023
Есептелген дивидендтер	13	-	-	(2,041,000)	<b>(2,041,000)</b>
<b>2018 ж. 30 маусымдағы қалдық (аудит жүргізілмеген)</b>		<b>373,314,888</b>	<b>91,668,501</b>	<b>(80,627,434)</b>	<b>384,355,955</b>

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікке ескертулер – 30 маусым 2018 жыл**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Ескерту</b>	<b>2018 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2017 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)</b>
<b>Операциялық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы:</b>			
Салық салынғанға дейінгі пайда		541,843	12,132,002
Түзетулер:			
Дивидендтер бойынша пайда	18	(13,846,023)	(15,728,210)
Тозу және амортизация		144,671	165,462
Қаржылық шығыстар	23	11,377,533	7,692,994
Қаржылық табыстар	22	(1,665,791)	(2,989,549)
Бағам айырмашылығынан түскен пайда		376,679	(4,511,992)
Активтердің құнсыздануы (таза)		215,105	46,040
Өзге де түзетулер		9,343	-
<b>Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының қозғалысы</b>		<b>(2,846,640)</b>	<b>(3,193,253)</b>
Тауар-материалдық қорлардың азаюы		3,254	(1,250)
Дебиторлық берешек пен басқа қысқа мерзімді активтердің азаюы		110,829	677,124
Басқа кредиторлық берешектің артуы		275,870	362,796
Басқа салықтар бойынша берешектің артуы/(азаюы)		(37,551)	26,300
<b>Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты</b>		<b>(2,494,238)</b>	<b>(2,128,283)</b>
Төленген табыс салығы		(30,820)	(80,141)
Алынған дивидендтер		13,984,803	5,876,637
Төленген пайыздар		(8,388,246)	(4,578,664)
<b>Операциялық қызметтен алынған (пайдаланылған) таза ақша қаражаты</b>		<b>3,071,499</b>	<b>(910,451)</b>
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы</b>			
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатып алу		(309,243)	(111,847)
Еншілес компанияларға және бірлесіп қадағалайтын тәуелді ұйымдарға берілген қарыздар мен қаржылық көмек		(3,058,402)	(100,160)
Еншілес кәсіпорындардың капиталына салым		(541,013)	(1,602,581)
Банк салымдарын алу, таза		2,928,684	3,567,638
Алынған пайыздық кіріс		667,036	1,661,230
Еншілес компаниялар және бірлесіп қадағалайтын ұйымдарға берілген қаржылық көмекті өтеуден түскен түсім		2,980,479	90,000
Қаржылық құралдарды өтеуден түскен түсім		11,649	2,565,000
Басқа төлемдер		(2,997,725)	-
<b>Инвестициялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты</b>		<b>(318,535)</b>	<b>6,069,280</b>
<b>Қаржылық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы:</b>			
Қарыздардан түсім		24,418,000	3,402,000
Қарыздарды өтеу		(37,892,816)	(1,271,900)
Самұрық-Қазынадан алған қарыздарды өтеу		(2,381,109)	(2,381,109)
Басқа операциялар		(158,299)	(321,433)
<b>Қаржылық қызметтен алынған таза ақша қаражаты</b>		<b>(16,014,224)</b>	<b>(572,442)</b>
Бағам айырмашылығының ақша қаражатына және олардың баламаларына өсері		(372,662)	(128,127)
<b>Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза азаюы (артуы)</b>		<b>(13,633,922)</b>	<b>4,458,260</b>
<b>Кезең басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары</b>	<b>12</b>	<b>14,142,829</b>	<b>4,812,476</b>
<b>Кезеңнің соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары</b>	<b>12</b>	<b>508,907</b>	<b>9,270,736</b>

## **1 Компания және оның операциялық қызметі**

«Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі - «Компания») 2007 жылғы 18 сәуірде құрылған және 2007 жылғы 10 мамырда тіркелген. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған.

Компанияның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылады, оған Компанияның 100% акциясы тиесілі. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның соңғы бақылаушы иесі болып табылады.

### **Негізгі қызмет**

Компания көмір, көмірсутек және су ресурстары негізінде электр мен жылу энергиясын және жылы су өндіру және халық пен өндірістік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау және желіде электр энергиясынтехникалық тарату, су және жылу электр станцияларын салу, сондай-ақ су электр станцияларының мүлктік кешенін жалға беру қызметтерін жүзеге асыратын бірнеше компанияларды (7-ескерту) біріктіретін холдингтік компания болып табылады.

Компанияның мекенжайы және қызметін жүзеге асыратын орны: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А.

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың маңызды ережелері**

### **Қаржылық есепті дайындау негізі**

2018 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айға арналған осы жеке қысқартылған аралық қаржылық есептілік ХҚЕС 34 «Аралық қаржылық есептілік» стандартына сәйкес әзірленді. Осы жеке қысқартылған аралық қаржылық есептілік 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған қаржылық жыл үшін халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына (бұдан әрі – ҚЕХС) сәйкес дайындалған жылдық жеке қаржылық есептілікпен бірге қарастырылады.

Қабылданған есеп саясаты өткен қаржылық жылдың саясатына және табыс салығын бағалау мен төменде көрсетілген жаңа және өзгертілген стандарттардан басқа аралық есепті кезең деректеріне сәйкес келеді.

### **Жаңа есепке алу қағидаттары**

2018 ж. 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңге қолданылатын стандарттар, өзгерістер, түзетулер мен түсіндірулер

#### **ҚЕХС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» (түзетілерімен)**

Жаңа стандарт тауарлар мен қызметтер клиентке операциялық бағасы бойынша берілгенде ғана түсім түсті деп танылатын маңызды қағидатты енгізеді. Тауарлар мен қызметтердің кез келген жеке партиясы жеке есептеледі, ал шарт бойынша көрсетілген бағаға белгіленген барлық жеңілдіктер мен шегерімдер жекелеген элементтерге ғана қатысты болып табылады. Егер сыйақы сомасы белгілі бір себептермен өзгеретін болса, ең төменгі сома танылады, бұл ретте көп мөлшерде қайта қаралмайтындығы ескеріледі. Клиенттермен шарт жасауға және оны алуға қатысты жұмсалған шығыс шарттан экономикалық табыс түсуі мерзімінде қаржыландырылуы және амортизациялануы тиіс.

ҚЕХС (IFRS) 15 түзетулері стандарттың негізгі қағидаттарын өзгертпейді, ол осы стандарттың қағидаттары қалай қолданылатынын түсіндіреді. Түзетулерде шарт бойынша орындалуы тиіс міндеттемені (тауарды немесе қызметті сатып алушыға тапсыру уәдесі) анықтау; компанияның принципал (тауар немесе қызмет жеткізушісі) немесе агент (тауардың немесе қызметтің жеткізілуіне жауапты) болып табылатынын қалай анықтау керектігі түсіндіріледі, сондай-ақ белгілі бір уақыт ішінде немесе белгілі бір кезеңге лицензияның берілуі нәтижесінде түскен түсімнің танылуын анықтау реті түсіндіріледі.

Компанияның мерзімді кірістеріне жасалған талдау негізінде, жеке шарт талаптары және есепті күні қолданыста болған деректер мен жағдаяттар негізінде Компания басшылығы стандарт Компанияның есеп саясатына елеулі ықпал жасамағанын және ретроспективті түзетулер талап етпейтінін тұжырымдады.



## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың маңызды ережелері (жалғасы)**

### **ҚЕХС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»**

Компания 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚЕХС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» стандарттарын қабылдады, соның нәтижесінде есеп саясатына өзгерістер және қаржылық есептілікте танылған сомаларға түзетулер жасалды.

#### *Қолданысқа ену күні және ауыспалы ережелер*

Стандарт ХҚЕС (IAS) 39 стандарттарының орнына жүреді және 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңде немесе осы күннен кейінгі кезеңде қолданылады. ҚЕХС (IFRS) 9 стандартының жалпы талаптары бойынша Компания ҚЕХС (IFRS) 9 талаптарын алғашқы ретроспективті қабылданған күнге қолдануы тиіс және салыстырмалы кезеңді қайта есептеу талап етілмейді, бұл ретте ретроспективті тәсілді қолданбай жсалатын жайттар қарастырылмайды.

#### *Стандартпен енгізілген негізгі өзгерістер*

Стандарт қаржылық активтердің төмендегідей санаттарын енгізеді: амортизациялық құны бойынша бағаланатындар, әділ құны бойынша бағаланатындар, пайда мен шығын құрамында қарастырылатын және әділ құны бойынша бағаланатын өзгерістер, өзге де жиынтық кіріс құрамында қарастырылатын өзгерістер. Жіктеу бастапқы танылу сәтінде жүргізіледі және компанияда қабылданған қаржылық активтерді басқару жөніндегі бизнес моделіне, және осындай құралдар арқылы жүргізілетін шарттық ақшалай ағындар сипаттамасына байланысты болып табылады. ҚЕХС (IFRS) 9 құнсызданудан болатын шығынға жұмсалатын резервті анықтаудың жаңа моделін – күтілетін кредит шығындары моделін енгізеді. ХҚЕС (IAS) 39 талаптарының қаржылық міндеттерді жіктеу мен бағалауға қатысты көпшілік бөлігі ҚЕХС (IFRS) 9 стандартына өзгеріссіз енгізілген. Маңызды өзгерістер қамтылатын тұстар: (i) әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер үшін, өзгерістер пайда немесе шығын арқылы көрсетіледі – өзгерістер салдарын өзге жиынтық табыстардағы өз кредиттік тәуекелінде тану; (ii) амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер үшін – міндеттемелердің танылуын тоқтатпайтын қайта қарау нәтижелері, тез арада пайда немесе шығын арқылы танылады. Хеджерлеуді есепке алуға қатысты түзетулер тәуекелдерді басқару тәжірибесімен келісуге бағытталды. Бұл жағдайдың Компанияға қатысы жоқ, себебі Компания хеджерлеуді есепке алуды қолданбайды.

Осы стандартты қабылдау ықпалы және жаңа есеп саясаты 3 ескертпеде ашып көрсетілген.

## **3 Есеп саясатындағы өзгерістер**

Бұл ескертпеде 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын жаңа есеп саясаты ашып көрсетіледі, және алдыңғы жылдардағы есеп саясатынан ерекшеліктері, сондай-ақ ҚЕХС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар» жаңа стандартына көшудің Компанияның қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілігіне әсері ашып көрсетіледі.

### **Қаржылық құралдар**

#### **Қаржылық активтердің жіктелімі (i)**

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап Компания өзінің қаржылық активтерін төмендегідей бағалау санаттары бойынша жіктейді:

- амортизацияланған құн;
- пайда немесе шығын арқылы әділ құн;
- өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн.

Жіктелім Компанияның активтерді басқару жөніндегі бизнес-моделіне және ақшалай ағын бойынша келісімшарт талаптарына байланысты болады. Компания активтерді басқарудың бизнес-моделі өзгергенде, қарыз құралдарының жіктелімін өзгертеді.

### **3 Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)**

*(ii) Қарыз құралдары – амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер*

Шартта көзделген ақшалай қаражат ағынын инкассациялау үшін ұсталатын қарыз құралдары аталған ақшалай қаражат ағыны негізгі қарыз бен оның пайыздарын төлеуге жұмсалатын жағдайларында, қарыз амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Бұл қаржылық активтерден түсетін кіріс тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдалану арқылы есептеледі және пайда мен шығын туралы есепте «пайыздық кіріс» ретінде көрсетіледі. Құнсызданудан болған шығын төменде көрсетілген саясатқа сәйкес «қаржылық активтер бойынша құнсызданудан болған шығын» ретінде көрсетіледі.

*(iii) Қарыз құралдары – өзгерістері басқа жиынтық кіріс құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер*

Шартта көзделген ақшалай қаражат ағынын инкассациялау үшін және сатылым үшін ұсталатын қарыз құралдары, активтер бойынша ақшалай қаражат ағыны негізгі қарыз бен оның пайыздарын төлеуге жұмсалатын жағдайда, өзгерістері басқа жиынтық кіріс құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланады. Баланстық құндағы өзгерістер өзге жиынтық табыс арқылы қабылданады, бұл ретте құнсызданудан, пайыздық кірістен және пайда немесе шығын деп танылатын бағамдық айырмадағы оң және теріс айырмалар нәтижесінде танылатын пайда немесе шығынның танылуы есепке алынбайды. Қаржылық активтің танылуы тоқтатылған жағдайда, бұрын жиынтық кіріс деп танылған кумулятивті пайда немесе шығын жеке капиталдан шығарылып пайда немесе шығын ретінде қайта жіктеледі және басқа кірісте (шығыста) танылады. Бұл қаржылық активтерден түсетін кіріс тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдалану арқылы есептеледі және пайда мен шығын туралы есепте «пайыздық кіріс» ретінде көрсетіледі. Құнсызданудан болған шығын осы ескертпенің (v) тармағында көрсетілген саясатқа сәйкес «қаржылық активтер бойынша құнсызданудан болған шығын» ретінде көрсетіледі.

*(iv) Қарыз құралдары – өзгерістері басқа пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер*

Амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер критерийіне жатпайтын қарыз құралдары өзгерістері басқа пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланады.

Қарыз құралдарының әділ құнын бағалаудан түскен пайда немесе шығын пайда немесе шығын бөлігінде танылады және нетто негізінде тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдалану арқылы «пайыздық кіріс» ретінде есептеледі пайыздық кірістен басқа кезеңде, «қаржылық активтердің әділ құнын қайта бағалаудан түскен пайда/кіріс» құрамында пайда және шығын туралы есепте көрсетіледі.

*(v) Амортизацияланған құны бойынша немесе өзгерістері басқа жиынтық кіріс құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтердің құнсыздануы*

Компания қандай да бір құнсыздану белгісінің болуына қарамастан амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық кіріс құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қарыз құралдарымен байланысты күтілетін кредиттік шығындарды болжамдық негізде бағалайды. Аз мөлшердегі қаржыландыру компоненті бар қысқа мерзімді дебиторлық берешек үшін Компания ҚЕХС (IFRS) 9 талап ететін қысқартылған тәсілді қолданады, және күтілетін кредиттік шығын бойынша шығын қорын дебиторлық берешектің алғашқы пайда болған сәтінен бастап бағалайды. Компания резервтік матрицаны пайдаланады, онда шығындарға арналған резервтер берешектің әртүрлі мерзіміне немесе кешіктіру мерзіміне байланысты сауда дебиторлық берешек негізінде есептеледі. Күтілетін кредиттік шығынды бағалау үшін дебиторлық берешек кредиттік тәуекел сипаттамасына қарай топтастырылады, яғни жеке тұлға-клиенттердің дебиторлық берешегі мен заңды тұлға-клиенттердің дебиторлық берешегі. Қайтарымсыздыққа талдау ұзартылған төлем мерзімі коэффициентін анықтау үшін соңғы 2-3 жылға жасалады. Дефолт деңгейі 30 және 360 күн аралығына 30 күндік интервалмен есептеледі. Берешектің белгілі бір интервалы бойынша дефолт деңгейін анықтау үшін Компания «миграция матрицасын» пайдаланады. Бұл әдіс шоттың әрбір балансына талдау жасап, келесі интервалға немесе мерзімі ұзартылған санатқа ауысатын дебиторлық берешектің пайыздық мөлшерлемесін есептеп шығарады. Математикалық операциялар негізінде дефолт мөлшерлемесі дебиторлық берешек пайда болған күнге және мерзімі ұзартылған төлемдер арасындағы аралыққа анықталады.

Компания сауда-саттықтағы дебиторлық берешекті қоспағанда қалдықтардың үш кезеңдік құнсыздану моделін ұстанады:

- 1 кезең – кредиттік тәуекел алғашқы танылған сәттен бастап елеулі түрде көбеюі жағдайындағы қалдықтар. Күтілетін кредиттік шығын 12 ай ішіндегі (яғни, алдағы 12 ай ішіндегі ықтимал шығынға көбейтілген барлық күтілетін кредиттік шығын) дефолт ықтималы негізінде анықталады.

### **3 Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)**

- 2-кезең - кредиттік тәуекел алғашқы танылған сәттен бастап елеулі түрде көбеюі жағдайындағы қалдықтарды қамтиды, бірақ бұл қалдықтар бойынша нақты құнсыздану дәлелі жоқ: күтілетін кредиттік шығын барлық шарт кезеңіндегі дефолт ықтималы негізінде анықталады.
- 3-кезең – нақты құнсыздану дәлелдері бар қалдықтарды қамтиды.

Сауда-саттық дебиторлық берешек не 2 кезең, не 3 кезең аясында жіктеледі:

- 2 кезең – 3-ші кезең бойынша жіктелген белгілі бір сауда саттық дебиторлық берешектен басқа, кредит мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығынды бағалау үшін қысқартылған тәсіл қолданылатын дебиторлық берешекті қамтиды.
- 3 кезең – 90 күннен аса мерзімге ұзартылған немесе жекелей құнсызданған деп анықталған дебиторлық берешекті қамтиды.

Компания кредит бойынша кредит тәуекелінің елеулі ұлғаюын бағалау үшін төмендегідей көрсеткіштерді қарастырады:

- кредиттің мерзімі ұзартылған, ең болмағанда 30 күнге;
- қарыз алушыға заңнамалық, технологиялық немесе макроэкономикалық өзгерістер елеулі түрде жағымсыз әсер еткені анықталды;
- нақты бір кредитке немесе қарыз алушының басқа кредиторлардан алған өзге кредиттеріне қатысты маңызды қолайсыз жайттардың орын алғандығы туралы ақпарат бар, мәселен, кредиттің күшін жоюы, шарттың бұзылуы, қаржылық қиындықтарға байланысты шарт талаптарының қайта қаралуы және т.б.;
- қарыз алушы маңызды клиентін немесе өнім жеткізушісін жоғалтады, немесе өз нарығында өзге де жағымсыз өзгерістерге ұшырайды.

Компания берешекті қайтару бойынша барлық шараларды қолданып, нәтиже болмағандықтан, берешектің қайтарылуын күтуге негіз жоқ деген қорытынды жасағанда, қаржылық активтер толығымен немесе ішінара есептен шығарылады. Бұл, әдетте, актив 360 күннен астам актив мерзімі кешіктірілген кезде туындайды.

#### *(vi) Қаржылық міндеттемелердің өзгеруі*

Болашақ міндеттемелерді тануды тоқтатуға әкеп соқпайтын қаржылық міндеттеме, келісімшарттық талаптардың өзгеруі нәтижесінде пайда немесе залал дереу пайда немесе залал құрамында танылады. Пайда немесе залал, өзгертілген ағымдағы құн мен міндеттеменің бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемесін пайдалана отырып, дисконтталған бастапқы ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі.

### **ҚЕХС (IFRS) 9 Компанияның қаржылық есептілігіне ықпалы – жалпы ақпарат**

Компания стандартты 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салыстырмалы көрсеткіштерге қайта есептеу жүргізбестен қабылдау туралы шешім қабылдады. Бұл 2017 және 2018 жылдары ұсынылған деректер салыстырылмайтынын білдіреді. ҚЕХС (IFRS) 9 қолдануға қатысты түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап танылады және жеке капиталда тиісті өзгертулер көрсетіледі. Осы аралық қаржылық есептілік шығарылған күнге Компания ҚЕХС (IFRS) 9 стандартын енгізуді аяқтады, және төменде көрсетілген ықпалды бағалауға қандай да бір өзгерістер жасалуын күтпейді.

**3 Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)**

ХҚЕС (IAS) 39 және ҚЕХС (IFRS) 9 стандарттарына сәйкес 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қаржылық активтер мен міндеттемелерді салыстыру:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>ХҚЕС (IAS) 39</b>	<b>ҚЕХС (IFRS) 9</b>	<b>Бөлінбеген пайда тиімділігі</b>
	Амортизацияланған құн	Амортизацияланған құн	Күтілетін кредиттік шығындар
<b>Берілген қарыздар</b>			
Жалпы баланстық құны	13,615,879	13,615,879	-
Резерв	(980,191)	(1,041,082)	(60,891)
<b>Басқа қаржылық дебиторлық берешек</b>			
Жалпы баланстық құны	13,417,349	13,417,349	-
Резерв	(151,510)	(381,825)	(230,315)
<b>Ақшалай қаражат және олардың баламалары</b>			
Жалпы баланстық құны	14,142,829	14,142,829	-
Резерв	-	(62,372)	(62,372)
<b>Қысқа мерзімді депозиттер</b>			
Жалпы баланстық құны	3,037,304	3,037,304	-
Резерв	-	(37,898)	(37,898)
<b>Еншілес компаниялардың берілген кепілдік бойынша берешегі</b>			
Жалпы баланстық құны	1,378,374	1,378,374	-
Резерв	-	(4,647)	(4,647)
<b>Алынатын дивидендтер</b>			
Жалпы баланстық құны	6,380,082	6,380,082	-
Резерв	-	(3,834)	(3,834)
<b>Барлығы</b>	<b>50,840,116</b>	<b>50,440,159</b>	<b>(399,957)</b>
Алынған қарыздар	(182,941,295)	(183,062,604)	(121,309)
<b>Барлығы</b>	<b>(182,941,295)</b>	<b>(183,062,604)</b>	<b>(121,309)</b>

Түзетулер мен қосымша ақпаратты егжей-тегжейлі сипаттау

(а) Күтілетін кредиттік шығындар моделін пайдалану арқылы резервті анықтау және тиісті түзетулер

Бұрынғы есеп саясаты және кредиттік тәуекел туралы ақпарат 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдық қаржылық есептіліктің 22 ескертпесінде ұсынылған. Шығыс резервін анықтаудың бұрынғы әдіснамасы Компаниядан күтілетін ақшалай ағындар негізіндегі шығысқа үстеме ақыны бағалау үшін нақты құнсыздану белгілерінің (болған жағдайда) болуын бағалауды талап ететін. ҚЕХС 9 стандартын қабылдау кезінде жаңа саясат қолданылды, және құнсыздану резерві күтілетін шығын моделін пайдалануға есептелген болатын. Компания сондай-ақ банктерде сақталған ақшалай қаражат қалдықтары бойынша болуы ықтимал шығыстар резервін дефолттың болу ықтималдығына қарай кемінде 3 айды құрайтын келісімшарттық талаптар бойынша бағалады. Дефолттың болу ықтималдығы тиісті банктердің сыртқы кредиттік рейтингтері және рейтинг агенттіктерінен алынған жалпыға бірдей деректер негізінде белгіленді.

**3 Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)**

(b) Кейінге шегерілген салық бойынша түзетулер нәтижесі

Компания жоғарыда талқыланған түзетулер бойынша кейінге шегерілген салықты мойындаған жоқ, себебі Компанияның таяу болашақта төлем көзінен алынатын табыс салығынан басқа табыстан өзге салық салынатын табыс алу жоспарында жоқ.

**Қаржылық активтер – жіктелім және бағалау**

Компания төмендегідей қаржылық активтерге ие:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>ҚЕХС 9 30 маусым 2018ж.</b>	<b>ҚЕХС 9 1 қаңтар 2018 ж.</b>	<b>ХҚЕС 39 31 желтоқсан 2017ж.</b>
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	508,907	14,080,457	14,142,829
Қысқа мерзімді депозиттер	88,520	2,999,406	3,037,304
Алынатын дивидендтер	6,226,653	6,376,248	6,380,082
Басқа қаржылық дебиторлық берешек	15,963,544	13,187,034	13,417,349
Еншілес компаниялардың берілген кепілдік бойынша берешегі	1,470,431	1,373,727	1,378,374
Берілген қарыздар	12,813,419	12,574,797	12,635,688
Қызметкерлердің берешегі	101,576	95,053	95,053
<b>Барлық қаржылық активтер</b>	<b>37,173,050</b>	<b>50,686,722</b>	<b>51,086,679</b>

Қаржылық активтер жоғарыда көрсетілген есеп саясатына сәйкес әрбір бағалау санаты бойынша жіктеледі.

**Қаржылық активтер – жіктелім және бағалау**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>ҚЕХС 9 30 маусым 2018ж.</b>	<b>ҚЕХС 9 1 қаңтар 2018 ж.</b>	<b>ХҚЕС 39 31 желтоқсан 2017ж.</b>
Қарыздар	169,651,234	183,062,604	182,941,295
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	2,605,870	2,262,892	2,262,892
Қаржылық кредиторлық берешек	3,222,530	698,024	698,024
<b>Барлық қаржылық міндеттемелер</b>	<b>175,479,634</b>	<b>186,023,520</b>	<b>185,902,211</b>

**3 Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)**

**Құнсыздану сатысы**

Компания есеп саясатында түсіндірілгендей, 2018 жылғы 30 маусымдағы және 2018 жылғы 1 қаңтардағы амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтердің құнсыздануы бойынша үш кезеңдік модельді қолданады. Кредит тәуекелі бойынша бұрынғы есеп саясаты мен ақпарат 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың қаржылық есептілігіне қоса ұсынылған 2 және 22 ескертпеде көрсетілген.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын, құнсыздану моделінің жекелеген кезеңдері бойынша қаржылық активтердің жіктелімі төменде көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>ҚЕХС 9 30 маусым 2018 ж.</b>				<b>ҚЕХС 9 1 қаңтар 2018 ж.</b>			
	<b>Кезең 1</b>	<b>Кезең 2</b>	<b>Кезең 3</b>	<b>Барлығы</b>	<b>Кезең 1</b>	<b>Кезең 2</b>	<b>Кезең 3</b>	<b>Барлығы</b>
<b>Жалпы баланстық құны</b>								
Қаржылық дебиторлық берешек	13,618,389	2,997,725	-	16,616,114	13,568,859	-	-	13,568,859
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	508,974	-	-	508,974	14,089,210	-	53,619	14,142,829
Алынатын дивиденділер	6,226,653	-	-	6,226,653	6,380,082	-	-	6,380,082
Облигациялар (берілген қарыздар)	13,904,628	-	-	13,904,628	13,615,879	-	-	13,615,879
Мерзімі тиянақталған депозиттер	88,520	-	-	88,520	3,037,304	-	-	3,037,304
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	1,572,007	-	-	1,572,007	1,473,427	-	-	1,473,427
<b>Барлық қаржылық активтер</b>	<b>35,919,171</b>	<b>2,997,725</b>	<b>-</b>	<b>38,916,896</b>	<b>52,164,761</b>	<b>-</b>	<b>53,619</b>	<b>52,218,380</b>
<b>Шығыс резерві (ҚЕХС 9)</b>								
Қаржылық дебиторлық берешек	(390,811)	(254,684)	-	(645,495)	(381,825)	-	-	(381,825)
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	(67)	-	-	(67)	(8,753)	-	(53,619)	(62,372)
Алынатын дивиденділер	(949)	-	-	(949)	(3,834)	-	-	(3,834)
Облигациялар (берілген қарыздар)	(1,091,209)	-	-	(1,091,209)	(1,041,082)	-	-	(1,041,082)
Мерзімі тиянақталған депозиттер	(1,168)	-	-	(1,168)	(37,898)	-	-	(37,898)
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	(4,958)	-	-	(4,958)	(4,647)	-	-	(4,647)
<b>Барлық резервтер</b>	<b>(1,489,162)</b>	<b>(254,684)</b>	<b>-</b>	<b>(1,743,846)</b>	<b>(1,478,039)</b>	<b>-</b>	<b>(53,619)</b>	<b>(1,531,658)</b>
<b>Баланстық құны (ҚЕХС 9)</b>	<b>34,430,009</b>	<b>2,743,041</b>	<b>-</b>	<b>37,173,050</b>	<b>50,686,722</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>50,686,722</b>

### **3 Есептік саясаттағы өзгерістер (жалғасы)**

#### **Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер бойынша құнсыздануға арналған резервтегі өзгерістер**

2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржылық дебиторлық берешек, берілген қарыздар, ақша құралдары және олардың баламалары, сондай-ақ өзге қаржылық активтер бойынша шығындарға арналған резерв кезеңнің басында шығындарға арналған резервпен төмендегідей келісілді:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Қаржылық дебиторлық берешек</b>	<b>Берілген қарыздар</b>	<b>Ақша құралдары мен олардың баламалары</b>	<b>Өзге қаржылық активтер</b>	<b>Барлығы</b>
2017ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша – ХҚЕС (IAS) 39 бойынша есептеледі	(151,510)	(980,191)	-	-	(1,131,701)
ХҚЕС-ті алғашқы рет өндiрген кезде кезеңнің басында үйлестiрiлмеген табыс арқылы танылған сома	(230,315)	(60,891)	(62,372)	(46,379)	(399,957)
<b>2018 жылғы 1 қаңтардағы кезеңнің басында шығындарға арналған резерв – ҚЕХС (IFRS) 9 бойынша есептелген</b>	<b>(381,825)</b>	<b>(1,041,082)</b>	<b>(62,372)</b>	<b>(46,379)</b>	<b>(1,531,658)</b>
Пайда немесе шығын құрамында танылған шығындарға резерв	(263,670)	(78,319)	(2,179,495)	(27,582)	(2,549,066)
Құнсыздандыруға арналған резервті қалпына келтіру	-	28,192	2,241,800	66,886	2,336,878
<b>ҚЕХС (IFRS) 9 бойынша кезеңнің соңындағы қалдық</b>	<b>(645,495)</b>	<b>(1,091,209)</b>	<b>(67)</b>	<b>(7,075)</b>	<b>(1,743,846)</b>

#### **Қаржылық дебиторлық берешек пен берілген қарыздар бойынша құнсызданудан болған шығындарды есептеу**

Өзге қаржылық дебиторлық берешекті және амортизацияланған құн бойынша бағаланған берілген қарыздар бойынша шығындарға арналған резерв болжанатын кредиттік шығындарды пайдалана отырып, үш кезеңдік моделге сәйкес анықталды. Компания ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес өзге қаржылық дебиторлық берешек бойынша шығындарға арналған қандай да болсын шығындарды таныған жоқ (10-ескертпе), өйткені аталған берешекке кешіктірусіз қызмет көрсетілді. ҚЕХС (IFRS) 9 өндіру мақсатында үш кезеңнің біреуіне жатқызу үшін әрбір қарызға және өзге қаржылық дебиторлық берешекке жеке талдау жүргізілді. Дефолттың ықтималдылығы (12 ай немесе кредиттің әрекет ету мерзімі – 1 немесе 2 кезеңдер бойынша жіктеуіштерге тәуелді) қарыздың жеке рейтингі және өзге дебиторлық берешек пен нарықтық деректер негізінде белгіленді. Кейін болжанатын кредиттік тәуекел дефолттың ықтималдылығы, кредит келісіміндегі төлемдер кестесіне және құнсызданудан болған өтемақылардың бағасы негізінде есептелді. 399,957 мың теңге сомасындағы шығындарға арналған резерв 2018 жылғы 1 қаңтардағы үйлестірілмеген шығынды азайтты. 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша шығындарға арналған резерв 1,743,846 теңгені құрайды.

### **4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер**

Жеке қысқартылған аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде Компания бағалауды қолданады және қолданылатын есептік саясатқа ықпал етуге және активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың есептілігінде көрсетуге жол береді. Нақты нәтижелер оларды бағалаудан ерекшеленуі мүмкін. Қолданылған негізгі есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған жеке жылдық қаржылық есептілікті дайындау барысында қолданылған есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдауларға сәйкес келеді.

#### **4 Есептік саясатта қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)**

##### **Үздіксіз қызмет қағидаты**

Басшылық осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікті үздіксіздік қызмет қағидаты негізінде әзірледі. Басшылықтың шешімі Компанияның қаржылық ережесіне, оның ағымдағы ниеттеріне, операциялардың табыстылығына және қаржылық ресурстарына қолжетімділігіне негізделеді. 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның ағымдағы жалпы міндеттері жалпы айналымдағы активтерден 3,372,022 мың теңгеге асты. Қысқа мерзімді міндеттемелердің өсуі қарыздарды өтеудің алдағы мерзімімен байланысты. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның жақын болашақта өз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау кезінде мына факторлар қарастырылды:

- Компания Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызға ие.
- 2016 жылғы 9 желтоқсанда Компания еурооблигацияларды қайта қаржыландыру үшін 100 миллион еуро немесе 35,242,000 мың теңге мөлшерінде ЕҚҚБ-мен кредиттік келісімге қол қойды.
- Компания 2018 жылы сатуға арналған активтердің сатуынан 15,000,000 мың теңгеден аса табысты болжайды.
- Компанияның 2,041,000 мың теңге мөлшеріндегі ағымдағы міндеттемелер акционер алдындағы берешекті білдіреді.
- 2018 жылғы екінші жарты жылдығында 5,151,374 мың теңге сомасында күрделі шығындардың жылыстауын қоспағанда операциялық қызметтен оң ақша ағынын болжайды.
- Компанияның басшылығы осы Ескертпенің аяғында сипатталған БЖЭС-тің акцияларын Сатуға арналған опционмен байланысты мәселе Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне әсер етпейді деп санайды. Қазақстан Республикасының Үкіметі Samsung C&T компаниясының Жобадан шығуымен байланысты, оның ішінде Samsung C&T компаниясының өз акцияларын Сатуға арналған опцион бойынша талаптар жөніндегі мәселелерді реттеу бойынша келіссөздерді жүргізеді. Қазіргі уақытта Сатуға арналған опционға қатысты Top пен Samsung C&T компаниясы арасындағы қандай да бір келіссөздер жүргізілмейді. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Samsung C&T келіссөздер процессінің белсенді кезеңде. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және келіссөздердің ағымдағы мәртебесін назарға ала отырып, Top акцияларды Сатуға арналған опционға қатысты маңызды экономикалық ресурстар жылыстауының ықтималдығы жоғары емес деп санайды.

Осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікте операциялық қызметті жалғастыру мүмкін емес болған жағдайда қажет болған активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнының, кірістер мен шығыстардың, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы қысқартылған жеке аралық есеп жіктелуінің қандай да бір түзетулері жоқ, бұндай түзетулер маңызды болуы мүмкін.

##### **Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

Әрбір есептік кезеңнің соңында басшылық бөлек жекелеген активтердің немесе активтер топтарының құнсыздану белгілерінің болуын және гудвилден бөлек активтер немесе активтер тобы үшін алдыңғы кезеңдерде танылған құнсызданудан болған шығындар жоқтығын немесе азаюын бағалайды. Мұндай кез келген белгілер болған жағдайда басшылық активтің өтелетін құнын бағалайды, ол сатуға жұмсалған шығындарды шегергенде оның әділ құнының және оның пайдалану құндылығының жоғарғы мәні ретінде анықталады. Пайдалану құндылығын есептеу басшылық тарапынан және қалыптасқан жағдайға негізделген бағалау деректер мен кәсіби пайымдауларды қолдануды талап етеді.

Қаржылық емес активтердің құнсыздану белгілерінің болуын анықтау да негізгі құралдар объектілерінің технологиялық ескіруін, қызметін тоқтатуын, олардың пайдалы қызметінің қалған мерзімін және де пайдалану шартының басқа да өзгерістерін анықтауда пайымдаулар мен бағалардың қолдануды талап етеді.

ХҚЕС (IAS) 36 - ға сәйкес құнсыздану белгілерінің бірі Компания өз қызметін жүзеге асыратын немесе актив арналған нарықта техникалық тұрғыдан, нарықтық, экономикалық немесе заңдық жағдайларда кезең ішінде болған және алдағы келешекте болжанатын Компания үшін теріс әсері бар маңызды өзгерістердің болуы болып табылады.

Активтердің өтелетін құнын бағалау кезінде Компания бағаларды қолданады және пайымдауларды жасайды. Бағалар мен пайымдаулар үнемі сандарлы талдауға ұшырайды және басшылықтың өткен тәжірибесіне және басқа факторларға, соның ішінде қалыптасқан жағдайда негізгі болып табылатын келешек жағдайларға қатысты үміттерге негізделген. Сонымен қатар, басшылық есептік саясатты қолдану процесін бағалаудан басқа кейбір пайымдауларды да пайдаланады.



#### **4 Есептік саясатта қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)**

2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша, Компания «Алатау Жарық компаниясы» АҚ-да (бұдан әрі – АЖК), «Алматы электр станциялары» АҚ-да (бұдан әрі - АлЭС), «Булат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-да (бұдан әрі – ЕГРЭС-1) және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-да (бұдан әрі – ГРЭС-2) инвестициялардың құнсыздану көрсеткіштеріне талдау жүргізді. Аталған кәсіпорындар экономикалық өзгерістерге барынша сезімтал және Компанияның маңызды еншілес кәсіпорындары болып табылады.

2018 жылғы 30 маусымдағы талдау нәтижелері бойынша басшылық АЖК, АлЭС, ЕГРЭС-1 және ГРЭС-2-де инвестициялардың құнсыздану көрсеткіштерін анықтаған жоқ. Көрсеткіштерді талдау кезінде пайдаланылған негізгі фактілер мен болжамдар мыналар болып табылады

- Өткен жылғы кезеңмен салыстырғанда 2018 жылғы 30 маусымда аяқталған кезеңнің нәтижелері бойынша электр энергиясы және жылу энергиясын сату көлемдерінің артуы;
- Өткен жылғы кезеңмен салыстырғанда 2018 жылғы 30 маусымда аяқталған кезеңнің нәтижелері бойынша жылу энергиясына тарифтердің артуы;
- Электр энергиясын өндіру мен тұтынудағы оң динамика;
- АЖК мен АлЭС операциялық қызметін жүргізетін ҚР-ның оңтүстік аймағында электр энергиясын өндіру тапшылығының орташа мерзімді келешектегі болжанатын өсім.

#### **Балқаш ЖЭС**

«Балқаш ЖЭС құрылысы» жобасы (бұдан әрі - Жоба) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкімет арасында қол қойылған үкіметаралық келісім аясында іске асырылады. 2011 жылы қол қойылған келісім электр станциясын қаржыландыру, жобалау, салу, пайдалануға беру және техникалық қызмет көрсету саласындағы экономикалық ынтымақтастықты қамтиды.

«Балқаш ЖЭС» АҚ (бұдан әрі - БЖЭС) акционерлері Samsung C&T Corporation (бұдан әрі -Samsung C&T немесе Samsung C&T Corporation) және «Самұрық-Энерго» АҚ болып табылады, сәйкесінше, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, қатысу үлестері 50% + 1 акцияны және 50% - 1 акцияны құрайды. 2012 жылы маусымда «БЖЭС» АҚ мен Samsung Engineering және Samsung C&T консорциумы (бұдан әрі - Консорциум) арасында қуаты 1320 МВт Балқаш ЖЭС-ін жобалау, жеткізу және салуға келісімшарт (бұдан әрі - ЕРС) жасады.

Жоспарларға сәйкес, жобаның табыстылығы 2014 жылы 19 маусымда БЖЭС пен «KEGOC» АҚ (электр желілерін басқару жөніндегі компания және ҚР бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің ұлттық операторы) арасында жаңадан пайдалануға енгізілетін өндіруші қондырғылардың электр қуатын әзірлікте ұстап тұру жөніндегі қызметті сатып алуға жасалған ұзақ мерзімді шарт (бұдан әрі – ҚСШ) арқылы қамтамасыз етілді, мұнда тарифтер АҚШ долларымен көрсетілген.

2012 жылы 14 ақпанда «Самұрық-Энерго» АҚ мен Samsung C&T «Балқаш ЖЭС» АҚ акцияларына қатысты опциондық келісімді («Опциондық келісім») жасасты. Аталған келісімге сәйкес, Samsung C&T БЖЭС акцияларын сату опционына ие, бұл Samsung C&T егер Үкіметаралық келісімді ратификациялауға, ҚСШ-ны жасау мүмкіндігін қамтамасыз ететін заңдарды қабылдауға қатысты опциондық келісімдердің тиісті талаптары орындалмаған жағдайда, сонымен қатар жобалық қаржыландыруды тарту үшін жеткілікті талаптары бар ҚСШ-ны уақытылы жасамаған жағдайда опционды пайдалану құқығы бар. Опциондық келісімнің талаптарына сәйкес, опционның бағасы Samsung C&T-ға тиесілі акциялар үшін алған дивиденттер мен өзге төлемдерді есептемегенде, Samsung C&T БЖЭС-тің акцияларын сатып алуға төлеген жалпы сомаға, күрделі қаржы жұмсалысына және Samsung C&T-дан алған қарыздар бойынша берешектің сомасына тең.

2016 жылдың тамызына дейін Компания мен Samsung C&T акцияларды опцион шарттарын бірнеше рет ұзартты.

Қарыз арқылы қаржыландыруды ұйымдастыру мақсатында жобаның әлеуетті кредиторлары халықаралық жобалық қаржыландыру тәжірибесіне сәйкес, инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуді талап етеді.

Жобаны қолдау топтамасының келісілген нұсқасының болмауынан 2016 жылы 31 тамызда Samsung C&T, Компанияға Опциондық келісімшартқа сәйкес акцияларды сату опционын орындауға мүдделі екені туралы хабарлама жіберді.

Сондай-ақ, Жоба бойынша қаржыландырудың болмауына байланысты 2016 жылы 31 тамызда Консорциум БЖЭС-ке ЕРС келісімшартын бұзатыны туралы хабарлама жіберді.

#### **4 Есептік саясатта қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)**

Samsung C&T-дан хабарлама алғаннан кейін Компания мен ҚР Үкіметі 2016 жылғы қазаннан бастап қазіргі кезге дейін мәселені реттеу бойынша бірқатар шараларды қабылдады.

Оңтүстік Қазақстандағы энергетикалық жүйенің сенімділігін қамтамасыз ету үшін Жобаның стратегиялық маңызын назарға ала отырып, ҚР Үкіметі Samsung C&T-мен келіссөздерді жалғастыруды мақұлдады.

Атап айтқанда, ҚР Үкіметі мен ҚР мемлекеттік органдары, сондай-ақ Samsung C&T-нің қатысымен Жобаны әрі қарай іске асыру мәселелерін талқылау үшін бірқатар кездесулер өткізді. Тараптар белгіленген тәртіппен жобаны қаржыландыру үшін қолайлы шарттары белгіленген Үкіметтің тарапынан қолдау хат ұйымдастырылатын болады деп келісті.

2017 жылдың 28 ақпанында Консорциум жобаны жалғастыру туралы келіссөздер нәтижесінде EPC-шартын тоқтату хабарламасын қайтарып алды.

Алайда, Қазақстан тарапынан қолдау хат уақытында ұсынылмағандықтан, 2017 жылдың 29 сәуірінде Samsung Engineering Co. Ltd 2017 жылдың 28 ақпанындағы EPC-шартын тоқтату хабарламасын шегеру бұдан былай әрекетсіз екенін БЖЭС-ке жеткізді.

Электр станциясын салу бойынша барлық жұмыстар тоқтатылды. 2017 жылғы 29 қыркүйекте Консорциум БЖЭС-ке EPC-келісімшартты бұзумен байланысты төлеу бойынша ақырғы талабын жолдады. Ақырғы талаптың сомасы 108,860 мың АҚШ доллар құрады. Кейін, 2017 жылғы 30 қарашадағы хатында Консорциум БЖЭС-ке келісілген мерзімде БЖЭС-тен жасалған жабдықты қабылдау ниетін растайтын жауапты алмауна байланысты қосымша шығындарды болдырмау үшін Консорциум Dongfang Electric Corporation Limited-ке және Siemens AG-ге (бұдан әрі – «Қосалқы мердігерлер») өндірушінің зауытындағы жабдықты пайдаға жаратуға нұсқау бергенін хабарлады.

Компания жоғарыда көрсетілген оқиғалар 36 «Активтерді құнсыздандыру» БЕХС-ке сәйкес Компанияның БЖЭС-тегі инвестициялардың құнсыздану белгілері болып табылады деп қорытындылады. Тиісінше, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания 32,085,280 мың теңге мөлшерінде БЖЭС-тегі инвестициялардың құнсызданудан болған шығында таныды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Samsung C&T компаниясының Жобадан шығуымен байланысты, оның ішінде Samsung C&T компаниясының өз акцияларын Сатуға арналған опционы бойынша талаптар жөніндегі мәселелерді реттеу бойынша келіссөздерді жүргізеді. Қазіргі уақытта Сатуға арналған опционға қатысты Компания мен Samsung C&T компаниясы арасындағы қандай да бір келіссөздер жүргізілмейді. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Samsung C&T келіссөздер процессінің белсенді кезеңде. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және келіссөздердің ағымдағы мәртебесін назарға ала отырып, Компания акцияларды Сатуға арналған опционға қатысты маңызды экономикалық ресурстар жылыстауының ықтималдығы жоғары емес деп санайды. Осыған орай, 2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы жағдай бойынша жеке қаржылық есептілікте Компания Samsung C&T ұсынған опционға қатысты қандай да бір жасаған жоқ.

Соған қоса, Компания жоғарыда айтылған келіссөздер мен реттеулер нәтижесінде қол жеткізе аталын келіскендікке қатысты белгісіздіктердің болуын белгілейді. Егер тараптар келісушілікке қол жеткізбесе, Samsung C&T Компанияға қарсы сот инстанцияларына дауды талқылау туралы шешім қабылдау туралы мүмкін болатын тәуекел болады. Бұл болған жағдайда, Компания өз құқығын қорғайды. Компания басшылығы Samsung C&T-ның опционды атқаруға құқығы болған жоқ және талап-арызды қорғаудың, оның ішінде қарсы тараптың шағымның келісімшарт талаптарына сәйкес келуін негіздеу қабілетсіздігі нәтижесінде қорғаудың жақсы бағыт бар деп санайды.

#### **Айырбас бағасы**

2018 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша шетел валютада көрсетілген қалдықтарды қайта есептеу үшін қолданылған айырбас бағамы 1 АҚШ доллар үшін 341.08 теңгені (2017ж. 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллар үшін 332.33 теңге) және 1 ресейлік рубль үшін 5,44 теңгені құрады (2017 жылғы 31 желтоқсан: 1 ресейлік рубль үшін 5,77 теңге). Қазіргі уақытта теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде бос айырбасталатын валюта болып табылмайды.

**5 Байланысты тараптармен есеп айырысу және жүргізілген операциялар**

Байланысты тараптар анықтамасы ХҚЕС (IAS) 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» келтіріледі. Әдетте бір тараптың екіншісін бақылау мүмкіндігі болған жағдайда, ортақ бақылауда болғанда немесе бір тарап қабылдаған қаржылық және операциялық шешімдерге маңызды ықпал ете алатын немесе бірлескен бақылау жүргізетін жағдайда тараптар байланысты деп есептеледі. Тараптар байланысты болып табылатындығы туралы мәселені шешу кезінде тараптардың заңды нысаны ғана емес, олардың өзара қарым-қатынасының сипаты да назарға алынады. Негізгі компания және Компанияның соңғы бақылаушы тарабы 1-ескертуде ашылған.

Байланысты тараптар Самұрық-Қазына бақылауындағы компанияларды қамтиды. Мемлекеттік компаниялармен операциялар, егер олар барлық қоғамдық және жеке компанияларға дәйекті түрде қолданылатын талаптарға сәйкес қарапайым қызмет барысында жүзеге асырылатын болса, ашып көрсетілмейді: i) олар дербес маңызды болып табылатын жағдайда; ii) егер Компания қызметтері барлық тұтынушыларға қолжетімді стандартты жағдайда ұсынылатын болса, немесе iii) электр энергиясын беру, телекоммуникациялық қызметтер және т.б. секілді қызметтер бойынша жеткізушіні таңдау болмаған жағдайда.

2018 жылғы 30 маусымдағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания олармен операция жасаған немесе есеп айырысу шоттары бойынша қалдықтары бар байланысты тараптармен өзара іс-қимыл сипаты төменде келтірілген.

Төменде 2018 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар берілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Ескерту</b>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және бірлескен кәсіпорындар</b>
Еншілес компанияларға берілген қарыз		-	-	5,630,177
Акционерлердің пайдасына өзге активтер	11	1,342,094	-	-
Басқа ұзақ мерзімді активтер	10	-	-	1,470,431
Берілген қарыздар бойынша алынатын өтемақылар		-	-	824,748
Алынатын дивидендтер	11	-	-	6,226,653
Облигациялар		-	-	4,724,798
Қаржылық жалдау бойынша міндеттеме		517,779	-	-
Басқа кредиторлық берешек, және есептелген міндеттемелер		2,041,000	21,596	262,152
Акционердің алдындағы міндеттемелер	17	1,174,065	-	-
Қарыздар	14	59,812,269	-	28,165,278

**5 Байланысты тараптармен жасалған есептер және операциялар (жалғасы)**

Төменде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар ұсынылды:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Ескерту</b>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және бірлескен кәсіпорындар</b>
Еншілес компанияларға берілген қарыз	9	-	-	5,578,277
Дебиторлық берешек		-	-	31,329
Акционерлердің пайдасына өзге активтер	11	1,387,077	-	-
Басқа ұзақ мерзімді активтер	10	-	-	1,378,374
Берілген қарыздар бойынша алынатын өтемақылар	9	-	-	695,834
Алынатын дивидендтер	11	-	-	6,380,082
Облигациялар	9	-	-	4,734,457
Басқа кредиторлық берешек, және есептелген міндеттемелер	16	-	-	263,858
Кредиторлық берешек		-	3,117	-
Акционердің алдындағы міндеттемелер	17	1,174,066	-	-
Қарыздар	14	59,959,841	-	28,165,278

Төменде байланысты тараптармен 2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі жасалған операциялар бойынша кірістер мен шығыстар көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және бірлескен кәсіпорындар</b>
Дивидендтер бойынша табыстар	-	-	13,846,023
Қаржылық табыстар	-	-	853,665
Қаржылық шығындар	(3,021,280)	-	(1,776,531)
Қаржы құралдарын құнсыздандыру бойынша шығындар (таза)	-	-	(13,139)
Жалпы және әкімшілік шығындар	-	(49,607)	(289,189)
Бағам айырмашылығынан болған шығына-таза	-	-	(14,617)

Төменде байланысты тараптармен 2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі жасалған операциялар бойынша кірістер мен шығыстар көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және бірлескен кәсіпорындар</b>
Дивидендтер бойынша табыстар	-	-	15,728,210
Қаржылық табыстар	6,479	-	2,038,773
Қаржылық шығындар	(2,532,993)	-	(1,234,212)
Қарыздарды құнсыздандыру бойынша шығындар	-	-	(30,390)
Жалпы және әкімшілік шығындар	-	(22,646)	(225,416)
Бағам айырмашылығынан болған шығына-таза	-	-	16,093

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай кезеңдегі еңбек жалақысын, сыйақылар, салықтар мен өзге де қызметкерлердің қысқа мерзімді сыйақыларын қамтитын негізгі басқару ұжымының сыйақысы 59,234 мың теңгені құрайды (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған кезеңде: 243,578 мың теңге). Негізгі басқарушы ұжым 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 4 адамды құрайды (2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша: 10 адам).

**6 Материалдық емес активтер**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Бағдарламалық жасақтама</b>	<b>Өзге</b>	<b>Барлығы</b>
2017ж. 1 қаңтардағы құны	1,072,242	456,067	<b>1,528,309</b>
Жинақталған амортизация және құнсыздану	(376,941)	(136,444)	<b>(513,385)</b>
<b>2017ж. 1 қаңтардағы теңгерімдік құны</b>	<b>695,301</b>	<b>319,623</b>	<b>1,014,924</b>
Түсімдер	74,175	-	<b>74,175</b>
Негізгі құралдардан жылжулар		189,820	<b>189,820</b>
Амортизация	(63,122)	(20,293)	<b>(83,415)</b>
Құнсыздану		(15,650)	<b>(15,650)</b>
2017ж. 30 маусымдағы құны	1,146,417	645,887	<b>1,792,304</b>
Жинақталған амортизация және құнсыздану	(440,063)	(172,387)	<b>(612,450)</b>
<b>2017ж. 30 маусымдағы теңгерімдік құны</b>	<b>706,354</b>	<b>473,500</b>	<b>1,179,854</b>
2018ж. 1 қаңтардағы құны	1,148,872	514,987	<b>1,663,859</b>
Жинақталған амортизация және құнсыздану	(506,573)	(221,957)	<b>(728,530)</b>
<b>2018ж. 1 қаңтардағы теңгерімдік құны</b>	<b>642,299</b>	<b>293,030</b>	<b>935,329</b>
Түсімдер	-	814,660	814,660
Негізгі құралдардан жылжулар		54,123	54,123
Істен шығу	(39,410)	(2,380)	(41,790)
Амортизация	(63,884)	(50,876)	(114,760)
Істен шыққан МЕА бойынша амортизация	39,410	2,380	41,790
2018ж. 30 маусымдағы құны	1,109,462	1,381,390	2,490,852
Жинақталған амортизация және құнсыздану	(531,047)	(270,453)	(801,500)
<b>2018ж. 30 маусымдағы теңгерімдік құны</b>	<b>578,415</b>	<b>1,110,937</b>	<b>1,689,352</b>

**7 Еншілес компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға салған инвестициялар**

Төменде 2018 жылғы 30 маусымдағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың құны туралы ақпарат берілді:

Қазақстан мың теңгемен	Сатып алған күні	Тіркелген ел	2018 ж. 30 маусымдағы инвестициялар құны	2018 ж. 30 маусымдағы иелену үлесі	2017 ж. 31 желтоқсанда, инвестициялар құны	2017 ж. 31 желтоқсандағы иелену үлесі
<i>а) Еншілес компанияларға салынған инвестициялар</i>						
<i>«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС</i>						
	31.10.2012	Қазақстан	338,272,063	100%	338,272,063	100%
<i>«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ</i>						
	29.07.2009	Қазақстан	53,022,644	83.56%	52,709,818	83.56%
<i>«Алматы электр станциясы» АҚ</i>						
	26.07.2011	Қазақстан	30,386,653	100%	30,386,653	100%
<i>«Мойнақ СЭС» АҚ</i>						
	04.01.2008	Қазақстан	21,864,616	100%	21,864,616	100%
<i>Бірінші жел электр станциясы" ЖШС</i>						
	28.05.2016	Қазақстан	8,834,141	100%	8,834,141	100%
<i>«Samruk-Green Energy» ЖШС</i>						
	13.06.2012	Қазақстан	2,791,620	92,14%	2,739,386	92.14%
<i>«Шүлбі СЭС» АҚ</i>						
	04.01.2008	Қазақстан	1,230,658	92,14%	1,230,658	92,14%
<i>«Бұқтырма СЭС» АҚ</i>						
	04.01.2008	Қазақстан	1,050,790	100%	1,050,790	90%
<i>«Шардара СЭС» АҚ</i>						
	03.06.2011	Қазақстан	2,765,532	100%	2,275,999	100%
<i>«Өскемен ГЭС» АҚ</i>						
	04.01.2008	Қазақстан	465,019	89.99%	465,019	89.99%
<i>«Ereumentau Wind Power» ЖШС</i>						
	28.05.2016	Қазақстан	1,595,841	100%	1,522,677	100%
<i>«Алматыэнергосбыт» ЖШС</i>						
	26.07.2011	Қазақстан	136,003	100%	136,003	100%
<i>«Казгидротехэнерго» АҚ</i>						
	31.03.2014	Қазақстан	222,506	100%	222,506	100%
<i>«Энергия Семиречья» ЖШС</i>						
	28.05.2016	Қазақстан	15,319	51%	15,319	51%
<i>«Energy Solutions Center» ЖШС (бұрын «Капшағай СЭС» ЖШС)</i>						
	16.03.2017	Қазақстан	52,999	51%	52,999	100%
<i>б) Бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар</i>						
<i>Forum Muider B.V.</i>						
	23.12.2008	Нидерланд	41,759,543	50%	41,759,543	50%
<i>«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы»</i>						
	04.01.2008	Қазақстан	8,725,133	50%	8,725,133	50%
<i>в) Қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестициялар</i>						
<i>«Балқаш ЖЭС» АҚ</i>						
	24.06.2008	Қазақстан	32,085,280	49.99%	32,085,280	49.99%
<i>Шегеруі:</i>						
Инвестициялардың құнсыздануы			(39,919,760)		(39,919,760)	
<b>Барлық инвестициялар</b>			<b>505,356,600</b>		<b>504,428,843</b>	

2018 жылғы алты ай ішінде Компания айналма капиталды толықтыру үшін 73,164 мың теңгені «Ereumentau Wind Power» ЖШС-ға және 52,234 мың теңгені «Samruk-Green Energy» ЖШС-ға инвестиция ретінде құйды.

**8 Сатуға арналған активтер**

2016 жылы 23 қарашада Директорлар Кеңесі Үкіметтің активтерді сату туралы қаулысына сәйкес бірқатар еншілес ұйымдарды сату талаптарын мақұлдады. 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның «Тегіс Мұнай» ЖШС-ға (бұдан әрі – «ТМ») салған инвестициялары Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерге енгізілді.

**8 Сатуға арналған активтер (жалғасы)**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>30 маусым 2018ж</b>	<b>31 желтоқсан 2017 ж</b>
«Тегіс Мұнай» ЖШС-ға салынған инвестиция	15,913,565	15,810,776
<b>Барлық сатуға арналған активтер</b>	<b>15,913,565</b>	<b>15,810,776</b>

2018 жылдың алты айы бойынша Компания еншілес ұйымның айналым капиталын толықтыру үшін «Тегіс Мұнай» ЖШС-ға 102,789 мың теңге инвестиция салды. Бұл активті сату 2018 жылдың соңына дейін мақсат ретінде тұр.

**9 Берілген қарыздар**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>30 маусым 2018 ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2017 ж.</b>
<i>Ұзақ мерзімді бөлік</i>		
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның облигациялары	4,463,486	4,463,486
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген қарыз	4,163,856	3,991,664
«Бірінші жел электр станциясы» (БЖЭС) ЖШС-ға берілген қарыз	1,480,659	1,496,614
«МЭБК» АҚ-ның облигациялары	1,208,432	1,205,007
«БЖЭС» ЖШС қарызы бойынша есептелген сыйлықақы	762,525	634,545
«ДСФК арнаулы қаржылық компания» ЖШС облигациялары	418,051	488,379
Минус: құнсыздануға арналған резерв	(40,546)	-
<b>Барлық берілген қарыз – ұзақ мерзімді бөлік</b>	<b>12,456,463</b>	<b>12,279,695</b>
<i>Қысқа мерзімді бөлік</i>		
Облигациялар бойынша сыйлықақы	294,734	294,704
«Жетісу энергиясы» ЖШС-ға берілген қарыз	609,133	596,349
«Балқаш ЖЭС» АҚ-ға берілген қарыз	377,301	343,316
Берілген қарыздар бойынша есептелген сыйлықақылар	90,619	65,983
«Өскемен СЭС» АҚ-ға берілген қаржылық көмек	30,390	30,390
«Т.И. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ-ға берілген қарыз	5,442	5,442
Минус: құнсыздануға арналған резерв	(1,050,663)	(980,191)
<b>Барлық берілген қарыз – қысқа мерзімді бөлік</b>	<b>356,956</b>	<b>355,993</b>

*«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген қарыз*

2011 жылғы 31 қаңтарда Компания «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға шағыс станциялар мен басқа объектілерді салу және қайта құру үшін 7,000,000 мың теңге мөлшерінде қарыз берді. қарызды төлеу мерзімі – 2024 жылғы 21 қаңтар, тоқсан сайын төленетін пайыздық мөлшерлеме жылдық 2%-ды құрады.

2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша берешек сомасы 4,163,856 мың теңгені құрады (2017 жылғы 31 желтоқсан: 3,991,664 мың теңге). Қарыздың теңгерімдік құны 12.5% мөлшерлемесін қолдана отырып, дисконтталған келешек ақша құралдары ағындарының келтірілген құнын білдіреді. Алғашқы тану күніне қарыздың әділ құны мен оның номиналды құны арасындағы табыс салығын есептемегендегі 2,836,144 мың теңге сомадағы айырмашылықтың шамасы АЖК-ға салынатын қосымша инвестициялар ретінде танылды.

*«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС-ға берілген қарыз*

2016 жылы Компания Еуразия Даму Банктен алған қарызды төлеу үшін «БЖЭС» ЖШС-ға 1,828,288 мың теңге сомасында қарыз берді. Тиянақталған сыйлықақы мөлшерлемесі 14% мөлшерінде белгіленді. Негізгі қарыз сомасын өтеу және сыйлықақы төлеу қарыз мерзімінің соңында.

## 9 Берілген қарыздар (жалғасы)

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС

2018 жылғы 19 наурызда «Самұрық-Энерго» АҚ-ның «Qazaq Banki» АҚ-дағы құралдары есебінен «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ға 12 ай мерзіміне 2,980,478 мың теңге сомасына қаржылық көмек берілді. Мақсатты тағайындауы – «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС және «Қарағанды Энергия орталығы» ЖШС арасында 2018 жылғы 16 наурыздағы электр энергиясын сатып алу-сату шарты бойынша «Қарағанды Энергия орталығы» ЖШС-ға алдын ала төлем жүргізу. 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ға берілген қаржылық төлес толық көлемде төленді.

## 10 Басқа ұзақ мерзімді активтер

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>30 маусым 2018 ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2017 ж.</b>
Дебиторлық берешек	11,730,655	11,690,781
«Бірінші Жел Электр Станциясы» ЖШС-ға берілген қаржылық кепілдіктер бойынша берешек	1,470,431	1,378,374
Өзге ұзақ мерзімді активтер	101,576	95,053
Минус: құнсыздандыруға арналған резерв	(244,259)	-
<b>Барлық басқа ұзақ мерзімді активтер</b>	<b>13,058,403</b>	<b>13,164,208</b>

## 11 Басқа қысқа мерзімді активтер

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>30 маусым 2018 ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2017 ж.</b>
Қысқа мерзімді депозиттер	88,520	3,037,304
Алынатын дивидендтер	6,226,653	6,380,082
Дебиторлық берешек	5,027,678	1,878,078
Минус: құнсыздандыруға арналған резерв	(550,530)	(151,510)
<b>Барлық қаржылық қысқа мерзімді активтер</b>	<b>10,792,321</b>	<b>11,143,954</b>
Акционердің пайдасына арналған актив (17-ескертпе)	1,342,094	1,387,077
Төленген аванстар	39,048	130,470
Басқалар	125,401	161,942
<b>Барлық басқа қысқа мерзімді активтер</b>	<b>12,298,864</b>	<b>12,823,443</b>

### Дебиторлық берешек

2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 5,027,678 мың теңге сомасындағы дебиторлық берешек негізінде 2017 жылы ішінде сатылған еншілес ұйымдарды сатып алушылар берешегінің 1,726,568 мың теңге мөлшерінде қысқа мерзімді бөлігін, сондай-ақ 2,997,725 мың теңге сомасындағы «Tauba Invest» ЖШС-ның дебиторлық берешегін қамтиды. 2018 жылғы наурызда Компания «QazaqBank» АҚ-ның нашар қаржылық жағдайына байланысты банктегі есеп айырысу шоттарындағы ақша құралдарының құнсыздандыру көрсеткіштерін жойды. «Самұрық-Энерго» АҚ, «Tauba Invest» ЖШС және «QazaqBank» АҚ арасында жасалған 2018 жылғы 16 наурыздағы өзара есеп айырысу туралы келісімге сәйкес Компанияның «QazaqBank» АҚ-дағы ақша құралдары өтеу мерзімі 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін «Tauba Invest» ЖШС-ның 3,058,400 мың теңге сомасындағы дебиторлық берешегіне ауыстырылды. «Tauba Invest» ЖШС-ның кредиторлық берешегі 2018 жылғы 26 сәуірдегі жылжымайтын мүлікті кепілге салу шартымен қамтамасыз етілді.



**11 Басқа қысқа мерзімді активтер (жалғасы)**

*Акционердің пайдасына арналған актив*

Акционердің тапсырмасы бойынша Компания Астана қаласында 1,174,065 мың теңге сомаға балабақша құрылысын салу міндеттемесін қабылдады. Компания құрылыстың 1,174,065 мың теңге мөлшерінде бағаланған құнының міндеттемесін акционердің пайдасына арналған өзге бөлілер деп таныды. 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компания балабақша құрылысына байланысты 1,342,094 мың теңге сомада шығын шекті. Бұл нақты келтірілген шығындар Акционердің пайдасына арналған ағымдағы активтер ретінде көрсетілді, себебі бұл активтер Акционердің шешімімен табысты бөлу есебінен 2018 жылдың екінші жартысында Акционерге беріледі деп күтілуде.

**12 Ақша қаражаты және олардың баламалары**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>30 маусым 2018 ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2017 ж.</b>
Банк шоттарындағы ақша қаражаты – теңге	470,663	6,151,677
Банк шоттарындағы ақша қаражаты – еуро	18,806	2,594
Банк шоттарындағы ақша қаражаты – АҚШ доллары	16,185	7,976,305
Кассадағы ақша қаражаты	3,320	2,253
3 айға дейінгі мерзімді депозиттердегі ақша қаражаты – теңге	-	10,000
Минус: құнсыздандыруға арналған резерв	(67)	-
<b>Барлық ақша қаражаты мен олардың баламалары</b>	<b>508,907</b>	<b>14,142,829</b>

**13 Акционерлік капитал**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Жарияланған және шығарылған акциялар саны</b>	<b>Акционерлік капитал</b>
<b>2017 ж. 1 қаңтарда төленген капитал</b>	<b>5,601,687</b>	<b>373,314,888</b>
<b>2017 ж. 31 желтоқсанда төленген капитал</b>	<b>5,601,687</b>	<b>373,314,888</b>
<b>2018 ж. 30 маусымда төленген капитал</b>	<b>5,601,687</b>	<b>373,314,888</b>

2018 жылғы 30 маусымда 5,601,687 дана шығарылған жай акциялар толығымен төленді (2017 ж. 31 желтоқсаны 5,601,687 акция). Өр жай акция бір дауыс құқығын береді. Компанияның басым акциялар жоқ.

2018 жылдың 15 маусымында Компания 2,041,000 мың теңге мөлшерінде (2017: 4,704,895 мың теңге) дивидендтер жариялады. Олар 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша толық төленді.

KASE листингінің қойылатын талаптарына акцияның баланстық құнының ашылуы кіреді. 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компания басшылығы қаржылық есептілік негізінде есептелген осы көрсеткіш 68,313 теңгені құрады (2017 жылғы 31 желтоқсан: 68 814 теңге).

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікке ескертулер – 30 маусым 2018 жыл**

**14 Қарыздар**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>30 маусым 2018 ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2017 ж.</b>	
<b>Ұзақ мерзімді бөлік</b>			
Самұрық-Қазынадан алынған қарыздар	57,211,661	57,350,979	
Ұзақ мерзімді банктан алынған қарыздар	52,740,872	68,231,270	
Облигациялар	47,930,251	47,921,800	
<b>Барлық қарыздар– ұзақ мерзімді бөлік</b>	<b>157,882,784</b>	<b>173,504,049</b>	
<b>Қысқа мерзімді бөлік</b>			
Самұрық-Қазынадан алынған қарыздар	2,381,109	2,381,109	
Есептелген пайыздар – Самұрық-Қазынадан алынған қарыздар	219,499	227,753	
Есептелген пайыздар – банк қарыздары	835,885	738,662	
Есептелген пайыздар – облигациялар	1,089,722	1,089,722	
Қысқа мерзімді банк қарыздары	7,242,235	5,000,000	
<b>Барлығы қысқа мерзімі бөлік</b>	<b>11,768,450</b>	<b>9,437,246</b>	
<b>Барлық қарыздар</b>	<b>169,651,234</b>	<b>182,941,295</b>	
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Тиімді пайыздық мөлшерлеме, %</b>	<b>30 маусым 2018 ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2017ж.</b>
Самұрық-Қазына	12,8 % жылына	59,812,269	59,959,841
Облигациялар	12,8 % жылына	49,019,972	49,011,522
Еуропа қайта құру және даму банкі	10,7 % жылына	33,361,403	39,022,498
Халық банкі	12,8 % жылына	25,684,206	24,767,434
Сбербанк	13,8 % жылына	1,773,384	-
Қазкоммерцбанк	12,7 % жылына	-	10,180,000
<b>Барлығы Самұрық-Энерго</b>		<b>169,651,234</b>	<b>182,941,295</b>

*Еуропа қайта құру және даму банкі*

2018 жылғы 25 қаңтарда Компания 2,333,665 мың теңге сомасында ЕҚҚДБ-дан алған қарыз бойынша негізгі қарызды және сыйлықақыны өтеді (1,521,117 мың теңге мөлшерінде негізгі қарызды және 812,548 мың теңге мөлшерінде сыйлықақыны өтеді).

2018 жылғы 29 наурызда Компания 4,421,698 мың теңге сомасында ЕҚҚДБ-дан алған қарыз бойынша негізгі қарызды ішінара мерзімнен бұрын өтеді. 2018 жылғы 25 сәуірде Компания 1,495,100 мың теңге сомасында ЕҚҚДБ-дан алған қарыз бойынша сыйлықақыны жоспарлы өтеді.

*«Қазақстан Халық Банкі» АҚ*

2018 жылғы бірінші жартыжылдығында Компания 9,300,000 мың теңге сомасында «Қазақстан Халық банкі» АҚ-дан алған қарыз бойынша негізгі қарызды ішінара мерзімнен бұрын төледі.

*Облигациялар*

2017 жылғы тамызда және қыркүйекте Компания бес жыл мерзімге 1 облигация үшін 1 мың теңге номиналды құнымен тиісінше 20,000,000 мың теңге және 28,000,000 мың теңге жалпы сомасына облигацияларды шығарды және орналастырды. Купондық пайыздық мөлшерлеме тиісінше жылдық 13%-ды және 12.5%-ды құрады және жылына екі рет және тоқсан сайын төлеуге жатады.

2018 жылғы 7 наурызда Компания 2,175,000 мың теңге сомасында жергілікті облигациялар бойынша бірінші купонға төлем жасады.

#### 14 Қарыздар (жалғасы)

«Ресей Жинақ банкі» АҚ ЕБ

2018 жығы бірінші жарты жылдығында Компания жылдық 13% мөлшерлемесімен және 2 жыл мерзімге «Ресей Жинақ банкі» АҚ ЕБ-дан 14,418,000 мың теңге сомасында ұзақ мерзімді қарызды тартты. 2018 жылғы мамыр мен маусым айларында Компания 12,650,000 мың теңге жалпы сомасына қарызды мерзімнен бұрын төледі.

«Қазкоммерцбанк» АҚ

2015 жылы кредиттік желі аясында Компания айналма капиталын толықтыру мақсатында 5 жыл мерзімге 10,000,000 мың теңге сомасына қарыз алды. Аталған кредит бойынша тиісті пайыздық мөлшерлеме 12.7%-ды құрады. 2018 жылдың маусымында Компания жинақталған сыйлықақыны қоса алғанда, 10,100,000 мың теңге жалпы сомасында «Қазкоммерцбанк» АҚ-дан алған қарызды мерзімнен бұрын төледі.

#### 15 Қаржылық кепілдіктер

2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның «БЖЭС» ЖШС мен «Шардара СЭС» АҚ алған қарыздарға берілген кепілдігі бар. Бастапқы тану кезіндегі әділ құны қарыз алушы Компания қамтамасыз еткен қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме және егер Компания кепілдік бермеген жағдайда қолданылуы мүмкін пайыздық мөлшерлеме арасындағы айырмашылықты ұсынатын пайыздық мөлшерлеменің кепілдік сомасын жабуға қолдану нәтижесінде алынған сома ретінде белгіленді. Кепілдік құны еншілес компанияға инвестиция ретінде бағаланады.

Қазақстандық мың теңгемен	Кепілді міндеттемелер сомасы		Кепілдік мерзімі		Кепілдік бойынша бағалау мөлшерлемесі
	30 маусым 2018 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.	Кепілдік шығарылған күн	Кезең	
Компания					
«БЖЭС» ЖШС	14,167,000	14,167,000	29 сәуір 2013ж.	29 сәуір 2024ж.	1%
«Шардара СЭС» АҚ	14,350,000	12,950,000	2 желтоқсан 2015ж.	2 желтоқсан 2023ж.	3%
<b>Барлығы</b>	<b>28,517,000</b>	<b>27,117,000</b>			

#### 16 Өзге де кредиторлық берешектер және есептелген міндеттемелер

Қазақстандық мың теңгемен	30 маусым 2018ж.	31 желтоқсан 2017ж.
Дивидендтер бойынша Акционер алдындағы берешек	2,041,000	-
Тендерге қатысу үшін кепілдік міндеттемелер	214,179	219,316
Жеткізушілерге және мердігерлерден берілген кредиторлық берешек	663,751	698,024
Өзге кредиторлық берешек	557,166	436,991
<b>Барлық қаржылық кредиторлық берешек</b>	<b>3,476,096</b>	<b>1,354,331</b>

#### 17 Акционер алдындағы міндеттемелер

Акционердің тапсырмасы бойынша Компания Астана қаласында 1,174,065 мың теңге сомаға балабақша құрылысын салу міндеттемесін қабылдады. Компания құрылыстың 1,174,065 мың теңге мөлшерінде бағаланған құнының міндеттемесін акционердің пайдасына арналған өзге бөлілер деп таныды. 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компания балабақша құрылысына байланысты 1,342,094 мың теңге сомада шығын шекті (2017ж. 31 желтоқсан: 1,387,077 мың теңге) (11-ескертпе). Бұл нақты келтірілген шығындар Акционердің пайдасына арналған ағымдағы активтер ретінде көрсетілді, себебі бұл активтер Акционердің шешімімен табысты бөлу есебінен 2018 жылдың екінші жартысында Акционерге беріледі деп күтілуде.

**18 Дивидендтер бойынша табыстар**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2018 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай</b>	<b>2017 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай</b>	<b>2018 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай</b>	<b>2017 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай</b>
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	11,041,000	9,599,000	11,041,000	9,599,000
«Бұқтырма СЭС» АҚ	1,275,314	1,351,469	1,275,314	-
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	815,278	557,880	815,278	557,880
Forum Muiden B.V	414,339	2,534,221	323,621	2,377,355
«Алматы электр станциялары» АҚ	228,260	889,056	228,260	889,056
«Energy Solutions Center» ЖШС	50,000	-	-	-
«Шардара СЭС» АҚ	21,832	64,229	21,831	64,230
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	-	396,619	-	396,619
«МЭБК» АҚ	-	207,231	-	207,231
"Алматыэнергосбыт" ЖШС	-	128,505	-	128,505
<b>Барлық дивидендтер бойынша табыстар</b>	<b>13,846,023</b>	<b>15,728,210</b>	<b>13,705,304</b>	<b>14,219,876</b>

**19 Жалпы және әкімшілік шығыстар**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2018 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай</b>	<b>2017 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай</b>	<b>2018 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай</b>	<b>2017 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай</b>
Еңбекақы мен онымен байланысты шығындарды төлеу	1,106,902	1,226,398	526,803	645,880
Консультациялық және басқа қызметтер	805,251	505,746	367,853	190,059
Конторалық қызмет көрсету қызметтері	232,343	185,478	121,718	87,490
Салықтар	225,870	159,715	63,341	53,340
Жалдау шығындары	152,372	163,883	76,186	82401
НҚ тозуы және МЕА амортизациясы	144,671	165,462	66,783	84,427
БЖ мен ДҚ сүйемелдеу және жаңарту	87,990	65,381	56,097	42,000
Іссапар шығындары	45,075	40,485	28,530	27,489
Мүшелік жарналар	28,490	38,135	5,781	25,304
Қызметкерлерді оқыту және соған байланысты шығыстар	28,290	31,576	25,667	25,424
Байланыс шығындары	20,497	16531	11,762	9,302
Сақтандыру	20,306	17,163	9,369	7,652
(Қалпына келтіру) /есептеу Күмәнді қарыздар бойынша резервтер	(2,886)	550,052	(783)	550,052
Өзге	111,375	308,360	98,950	274,566
<b>Барлық жалпы және әкімшілік шығыстар</b>	<b>3,006,546</b>	<b>3,474,365</b>	<b>1,458,057</b>	<b>2,105,386</b>

**20 Өзге операциялық шығындар**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2018 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай</b>	<b>2017 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай</b>	<b>2018 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай</b>	<b>2017 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай</b>
Ақша құралдарының құнсыздануы	2,179,495	-	-	-
Банк депозиттерінің құнсыздануы	27,169	-	480	-
Берілген қарыздардың құнсыздануы	78,320	30,390	36,658	30,390
Өзге дебиторлық берешектің құнсыздануы	263,670	-	254,235	-
Өзге ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы	310	-	-	-
Материалдық емес активтердің құнсыздануы	-	15,650	-	15,650
Өзге шығындар	12,246	6,711	1,361	6,711
<b>Барлық өзге операциялар шығындары</b>	<b>2,561,210</b>	<b>52,751</b>	<b>292,734</b>	<b>52,751</b>

**21 Өзге операциялық табыстар**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2018 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай</b>	<b>2017 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай</b>	<b>2018 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай</b>	<b>2017 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай</b>
Ақша құралдарының құнсыздануын қалпына келтіру	2,241,800	-	2,183,488	-
Банк депозиттерінің құнсыздануын қалпына келтіру	63,898	-	26,785	-
Берілген қарыздардың құнсыздануын қалпына келтіру	28,162	-	25,252	-
Өзге активтердің құнсыздануын қалпына келтіру	-	-	-	-
Өзге кірістер	18,137	122,361	10,719	119,876
<b>Барлық өзге операциялық табыстар</b>	<b>2,351,997</b>	<b>122,361</b>	<b>2,246,244</b>	<b>119,876</b>

**22 Қаржылық табыстар**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2018 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай</b>	<b>2017 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай</b>	<b>2018 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай</b>	<b>2017 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай</b>
Облигациялар бойынша пайыздық табыстар	396,081	1,551,012	198,025	771,806
Банк депозиттері бойынша пайыздық табыстар	170,298	521,956	15,218	301,854
Берілген қарыздар бойынша пайыздар	221,684	197,980	111,246	98,990
Берілген қаржылай көмек бойынша дисконттың амортизациясы	180,306	139,655	90,852	81,582
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша дисконттың амортизациясы	404,880	-	204,761	-
Өзге	292,542	578,946	146,162	4,297
<b>Барлық қаржылық табыстар</b>	<b>1,665,791</b>	<b>2,989,549</b>	<b>766,264</b>	<b>1,258,529</b>

**23 Қаржылық шығыстар**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2018 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай</b>	<b>2017 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай</b>	<b>2018 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай</b>	<b>2017 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай</b>
Облигациялар бойынша пайыздық шығындары	3,050,000	2,966,953	1,525,000	1,481,437
Қарыздар мен қаржылық көмек бойынша келтірілген құн дисконттың амортизациясы	2,355,249	1,809,805	1,212,773	901,778
Қарыздар бойынша пайыздық шығындары	5,427,214	1,635,084	2,506,429	852,582
Еншілес ұйымдарға берілген облигацияларды индекстеуден шеккен залал/(табыс)	-	984,000	-	(725,500)
Берілген қарыздар мен ұзақ мерзімді берешекті дисконттау	454,877	250,212	74,308	29,087
Өзге	90,193	46,940	57,326	36,735
<b>Барлық қаржылық шығыстар</b>	<b>11,377,533</b>	<b>7,692,994</b>	<b>5,375,836</b>	<b>2,576,119</b>

**24 Табыс салығы**

Табыс салығы депозиттер бойынша төлем көзінен ұсталатын табыс салығы болып табылады. Компания болашақта салық салынатын пайда алуды көздемейді.

**25 Шартты және келісім-шартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер**

**Материалдық емес активтерді сатып алу бойынша шарттық міндеттемелер.** 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияда 1,612,924 мың теңге мөлшерінде бағдарламалық жасақтаманы және өзге материалдық емес активтерді сатып алу жөніндегі шартты міндеттемелер болған (2016ж.: шартты міндеттемелер болған жоқ). Компания бұл міндеттемелерді жабу үшін қажетті ресурстарды бөлді. Компанияның басшылығы келешектегі таза табысты деңгейі, сондай-ақ қаржыландыру көлемі осы немесе ұқсас міндеттемелерді жабу үшін жеткілікті болатынына сенімді.

## **26 Қаржы құралдарының әділ құны**

### **Әділ құнды бағалау**

Әділ құн қаржылық құралдың мүдделі тараптар арасындағы мәжбүрлеп сату немесе жою жағдайларынан басқа ағымдағы операциялар барысында ауыстырылуы мүмкін болатын соманы білдіреді. Әділ құнды ең дұрыс растау белсенді нарықта қаржы құралының бағалануы болып табылады. Қаржы құралының бағалаған әділ құнын Компания қолда бар нарықтық ақпарат (болған жағдайда) пен тиісті бағалау әдістеріне сүйене отырып есептеді. Алайда әділ құнды анықтау мақсатында нарықтық ақпаратты түсіндіру үшін кәсіби байымдауларды қолдану қажет. Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір ерекшеліктерді көрсете түсуде, ал экономикалық жағдайлар қаржы нарықтарындағы белсенділіктің көлемін шектеуді жалғастыруда. Нарықты бағалау көнерген болуы немесе сату құнын төмен бағамен көрсетуі мүмкін, сол себепті қаржы құралдарының әділ бағасын көрсетпеуі мүмкін. Қаржы құралдарының әділ құнын анықтаған жағдайда басшылық барлық қолда бар нарықтық ақпаратты пайдаланады.

Әділ құнды бағалау нәтижелері әділ құнның иерархиясы деңгейі бойынша мынадай түрде талданады және таратылады: (i) 1-деңгейге біркелкі активтерге немесе міндеттемелерге арналған белсенді нарықтарда белгіленген бағалар (түзетілмейтін) бойынша бағалаулар жатады, (ii) 2-деңгейге барлық пайдаланылатын маңызды бастапқы деректер актив немесе міндеттеме үшін тікелей немесе жанама бақыланатын болып табылатын бағалау әдісімен алынған бағалаулар (яғни, мысалы, бағалар) және (iii) 3-деңгейдің бағалаулары бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген бағалаулар болып табылады (яғни, бақыланбайтын бастапқы деректерде негізделген).

Компанияның барлық қаржы құралдары амортизациялық құн бойынша есептеледі. Олардың әділ құн иерархиясының 3-кезеңіндегі әділ құны ақшалай қаражаттардың дисконтталған ағымы әдісі арқылы бағаланды.

### ***Амортизациялық құн бойынша көрсетілген қаржылық активтер***

Бекітілген пайыздық мөлшерлемесі бар құралдардың бағалау әділ құны өтеуге дейінгі балама несие тәуекелдері мен мерзімі бар жаңа құралдарға арналған қолданыстағы пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған бағалауға жататын ақша ағымдарынан алу күтілетін сома негізінде белгіленеді. Дисконттауда қолданылған нормалар контрагенттің кредиттік тәуекеліне байланысты.

### ***Амортизациялық құн бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер***

1-ші деңгейдегі несиелердің әділ құны нарықтық баға белгілеулерге негізделген.

Белгіленген пайыздық мөлшерлемесі және нарықтық белгілеулері болмайтын бекітілген өтеу мерзімі бар құралдардың бағалауға жататын әділ құны ұқсас кредиттік тәуекелі және өтеу мерзімі бар жаңа құралдарға арналған қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған бағалауға жататын ақша ағымдарына байланысты белгіленеді.

Төменде әділ құн бойынша бағаланбайтын активтер мен міндеттемелердің әділ құны және баланстық құнының иерархиялық деңгейлері бойынша әділ құнына талдау ұсынылады.

**26 Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)**

Қазақстандық мың теңгемен	30 маусым 2018 ж.				31 желтоқсан 2017 ж.			
	1-деңгей Әділ құн	2-деңгей Әділ құн	3-деңгей Әділ құн	Баланс- тық құн	1-деңгей Әділ құн	2-деңгей Әділ құн	3-деңгей Әділ құн	Баланстық құн
<b>Активтер</b>								
<b>Ақшалай</b>								
қаражат және олардың баламалары	-	508,907	-	508,907	-	14,142,829	-	14,142,829
Белгілеген мерзімі бар депозиттер	-	88,394	-	88,394	-	3,037,304	-	3,037,304
Қаржылық дебиторлық берешек	-	17,224,826	-	18,330,340	-	14,890,776	-	14,890,776
Алынатын дивидендтер	-	6,226,653	-	6,226,653	-	6,380,082	-	6,380,082
Берілген қарыздар	-	11,902,301	-	12,813,419	-	12,635,688	-	12,635,688
<b>Барлық қаржылық активтер</b>		<b>35,951,081</b>		<b>37,967,713</b>		<b>51,086,679</b>		<b>51,086,679</b>
<b>Міндеттемелер</b>								
Қарыздар	-	160,124,998	-	169,651,234	-	170,235,067	-	182,941,295
Қаржылық кредиторлық берешек	-	3,993,875	-	3,993,875	-	750,235	-	750,235
Берілген қаржылық кепілдіктер	-	2,605,870	-	2,605,870	-	2,262,892	-	2,262,892
<b>Барлық қаржылық міндеттемелер</b>		<b>- 166,724,743</b>		<b>- 176,250,979</b>		<b>- 173,248,194</b>		<b>- 185,954,422</b>

**27 Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар**

2018 жылғы 5 шілдеде Компания «Ресей Жинақ банкі» АҚ ЕБ-дағы кредит желісі бойынша 999,576 мың теңге жалпы сомасына негізгі қарызды және есептелген сыйлықақыны мерзімнен бұрын төледі.

2018 жылғы 31 шілдеде Компания «Ресей Жинақ банкі» АҚ ЕБ-дағы кредит желісі бойынша 350,000 мың теңге сомасына транш алды.